

Мемлекеттік кәсіпорындарды және акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін сенімгерлік басқаруға беру Қағидасын бекіту туралы

Күшін жойған

Қаулы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және Жекешелендіру департаменті 1998 жылғы 22 қазан N 618 Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 26 қаңтар N 676 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік мүлік және Жекешелендіру комитеті төрағасының 2005 жылғы 12 шілдедегі N 265 бұйрығымен. V053779

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің»Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті қаулы етеді:

1. Ұсынылған Мемлекеттік кәсіпорындарды және акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін сенімгерлік басқаруға беру Қағидасы бекітілсін және олар мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

2. Осы қаулыны және "Мемлекеттік кәсіпорындарды және акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін сенімгерлік басқаруға беру Қағидасын" Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне тіркеуді өнеркәсіптің »базалық салалық басқармасы (Мұқышев К.К.) жүзеге асырсын.

3. Осы қаулының 1-бабында көрсетілген Қағиданың»күшіне енген күнінен б а с т а п :

1) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің "Кәсіпорындарды және акционерлік қоғамдар акцияларының»мемлекеттік пакеттерін сенімгерлік басқаруға беру тәртібі туралы ережені бекіту туралы" 1996 жылғы 23 мамырдағы№N 381 ;

2) 1997 жылғы 2 тамыздағы N 231 Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің»Мемлекеттік мүлікті және активтерді басқару департаментінің " 1996 жылғы 23 мамырдағы N 381 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу т у р а л ы " ;

3) 1998 жылғы 16 маусымдағы N 329 Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің»Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің " Кәсіпорындарды және акционерлік қоғамдар акцияларының»мемлекеттік пакеттерін сенімгерлік басқаруға беру туралы ережені бекіту туралы" қаулылар өз күшін жойды деп есептелсін.

4. Осы қаулының»атқарылуына бақылау Департамент директорының бірінші орынбасары А. Шоқпытовқа жүктелсін.

Департамент директоры

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігінің

Мемлекеттік мүлік және

жекешелендіру департаментінің

1998 жылғы 22 қазандағы N 618

қаулысымен бекітілген

Мемлекеттік кәсіпорындарды және акционерлік қоғамдар

акцияларының мемлекеттік пакеттерін

сенімгерлік басқаруға беру

Қағидасы

1. Негізгі ұғымдар

1. Осы Қағидада мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) Департамент - Қазақстан Республикасының меншігіне қатысты мемлекеттің мүдделерін білдіруге уәкілдігі бар Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті;

2) Қатысушы - ұсынылған жағдайға арналған келісім-шарт жасасуға келісім білдірген қажетті құжаттарды тапсырған мемлекеттік заңды тұлға емес жеке тұлға немесе шетелдік заңды тұлға;

3) Объекті - мемлекетке жататын акциялар пакеті немесе мемлекеттік меншіктегі кәсіпорын;

4) Өтінім - қажетті құжаттарды айқындалған жиынтығы, сонымен қатар, департамент ұсынған келісім-шарт жасасуға және келісім-шарт ережесін орындауға Қатысушының келісімі;

5) Тендерлік комиссия - Объектінің басқаруға келісім-шарт жасасу жөніндегі тендерді ұйымдастыру үшін департамент құрған орган;

6) Басқарушы - департаментпен келісім-шарт жасасқан тендер жеңімпазы.

2. Жалпы ережелер

2. Осы Қағида Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 23 желтоқсандағы "Жекешелендіру туралы" Заң күші бар Жарлығына сәйкес жасалды және сатып алу (құқысыз) құқымен (бұдан әрі - Келісім-шарт) Объектілерді сенімгерлік басқаруға алған Басқарушымен келісім-шарт жасасуды тәртібін, сонымен қатар, келісім-шарт ережесін Басқарушының орындауына бақылау жасаудың текстерін айқындайды. Келісім-шарт жасау тендерді жеңіп алған Қатысушыға одан тиісті дәрежеде рәсімделген Объектіге қатысты ережені орындау талап етілгенде басқаруға және пайдалануға, иелік етуге мемлекет берген құқықтық рәсімдеу болып табылады.

3. Тендер комиссиясын құру

3. Департамент құрамына мыналар енетін тендер комиссиясын құрады:
- 1) департамент;
 - 2) салалық министрліктер;
 - 3) Қазақстан Республикасының»Қаржы министрлігі;
 - 4) Қазақстан Республикасының»Әділет министрлігі;
 - 5) Қазақстан Республикасының»Стратегиялық жоспарлау және реформа жөніндегі агенттігі;
 - 6) тиісті облыс әкімдері.

Тендер комиссиясының жұмысына тиісті рәсімделінген Департамент өкілі тендер комиссиясының төрағасы болып табылады.

4. Тендер комиссиясы:

- 1) басқаруға берілетін Объектілер туралы ақпаратты хабарламаны жариялауды белгіленген тәртіпте ұйымдастырады;
- 2) өз жұмысының регламентін жасайды және бекітеді;
- 3) қажетті жағдайда консультация беретін фирмаларды таратады;
- 4) тендер комиссияны 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша беру үшін қажетті басқа құжаттарды және түскен өтініштерді тез арада тіркейді және қабылдайды, берілген құжаттардағы кемшіліктерді қысқа мерзімде жою үшін қажетті шаралар қабылдағаны туралы Қатысушыларға хабарлайды. Қаладан тысқары Қатысушылар үшін тіркеу күні өтініш берген күннен почта белгісі соғылғаннан бастап саналады;
- 5) осы Қағидамен танысу үшін Қатысушыға ұсынады;
- 6) Қатысушыға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оны»тендерге қатысушы танылуы туралы болмаса, көрсетілген себеппен тендерге қатысушының» танылуынан бас тарту жөнінде жазбаша түрде хабарлайды;
- 7) тендердің»жеңімпазын анықтайды;
- 8) тендердің»нәтижесі туралы хаттамаға қол қойылады.

4. Тендерге объектіні дайындау

5. Сенімгерлік басқаруға объектінің»мемлекеттік пакет акциясын беру туралы департамент қабылдағаннан кейін салалық министрліктер, ведомстволар немесе уәкілетті орган берілетін объектілерді»соңғы 2 (екі) жыл ішіндегі шаруашылық қызметі туралы толық ақпарат тапсырады. Қазақстан Республикасының»Қаржы министрлігі соңғы 2 (екі) жыл ішінде сенімгерлік басқаруға берілетін объектілердің»қаржы жағдайы туралы толық ақпарат тапсырады.

5. Тендердің»өткізілгені туралы хабарлама

6. Тендер комиссиясы баспасөзде жариялым арқылы объекті туралы ақпарат арқылы хабарлама жеткізеді.

7. Тендердің өткізілуі туралы мемлекеттік және орыс тілдерінде

республикалық ресми баспасөзде тендер өткізілгенге дейін ең кем дегенде 30 күн ішінде хабарлама жариялануы тиіс. Тиімділікті жақсарту мақсатында халықаралық баспасөзде объект туралы толық ақпаратты қамтитын қосымша ақпарат бюллетені жариялануы мүмкін.

8. Хабарлама жарияланғаннан кейін Департамент басқаруға берілетін объекті туралы ақпаратқа барлық ниет білдірушілерді еркін жібереді.

6. Қатысушыларға қойылатын талаптар

9. Тендерге қатысуға өтініш және басқа да қажетті құжаттарды уақытылы берген жеке және мемлекеттік емес заңды тұлғалар және шетелдік заңды тұлғалар жіберіледі. Бұдан басқа, өтініш берген жеке тұлға қажетті білімді меңгеруі және осы немесе аралас салада жұмыс тәжірибесі болуы тиіс, ал заңды тұлға кәсіпорынды (объектіні) басқаруға жоғарыда көрсетілген деректерді игерген өкілі болуға тиіс.

10. Тендерге қатысу үшін тендер комиссиясының мекен-жайына мынадай қажетті құжаттарды тапсыруы керек:

1) тендерге қатысу үшін 1-қосымшаға сәйкес өтінішті;

2) инвестициялық жобалар негізінің әдістемесіне сәйкес экономикалық және коммерциялық тиімділік есеп айырысуды техникалық-экономикалық негіздемесін;

3) бизнес-жоспар;

4) жеке конвертте жабылған тендер ережесі бойынша жазбаша үлгідегі ұсыныс;

5) қатысушының қаржылық мүмкіндігін дәлелдейтін құжаттар;

6) осы Қағидамен танысқаны туралы рәсімделген қолхат алу.

Заңды тұлғалар нотариалды куәландырылған құжаттарды, сонымен қатар тиісті органда олардың мемлекеттік тіркеуден өткенін растайтын құжаттарды қосымшаға тапсырады.

11. Қатысуға өтініш қабылдау тендер өткізілетін күннің алдында күндізгі 18 сағатта аяқталады. Белгіленген мерзім аяқталғаннан кейін өтініштер мен құжаттар қабылдау тоқталады.

12. Тендер комиссиясы құжаттарды алғаннан кейін өтініш берушіге оны өтінішінің тіркелген күні көрсетіліп, тендерге оның қатысуы туралы хабарлама жіберіледі. Хабарлама жіберілген сәттен бастап өтініш беруші тендерге қатысушы мәртебесін алады.

Өтініш берушілерге 7 күн мерзім ішінде өтініштерінің қарауға қабылданылмағаны немесе қайтарылған туралы себебі көрсетіліп хабарланады.

13. Тендерге қатысуға өтініш беруші тұлғалар туралы мәлімет беруге болмайды.

14. Тендерге қатысушы тендерді өткізуді белгіленген мерзіміне дейін өзінің»

ұсынысын қайта алу құқығы бар, ол туралы тендер басталғанға дейін 3 күн ішінде жазбаша хабарлайды.

15. Тендерге қатысушылардың кепілдік жарналары тендерді ұйымдастыру жөніндегі шығындарды өтеуге жұмсалады, оның ішінде:

1) жеке жобаларды жасау бойынша консалтингтік қызметтер;

2) даулы мәселелер және мемлекеттік заңды тұлғалар болмаса мемлекеттің қатысуымен заңды тұлғаларды бекіту, оларды қайта құрылуы, таратылуы, кепілдікке Объектілерді беруге, сауықтыру рәсімін жүргізуге, жалға сенімгерлік басқаруға, жекешелендіру туралы шешім қабылдау жолымен проблемаларды шешу бойынша нақты жерлерге бару жөніндегі іс-сапар шығындары;

3) қалааралық, халықаралық телефон байланыстарын төлеу;

4) объектіні қорғау үшін төлем;

5) көлік үшін төлем;

6) жарнама және ақпаратты қамтуға арналған шығындар;

7) қағаздарды, бланкілерді, кеңсе тауарларын, компьютерлерді, құжаттарды түптеуді, жабдықтарды, техникаларды жөндеу үшін қосалқы бөлшектерді сатып алу;

8) тендерлерді өткізуге тікелей қатысқан қызметкерлерді және жұмыс уақытынан тыс жұмыс істегендерді материалдық ынталандыру.

16. Жеңімпаз болмаған тендерге қатысушыға тендерді ұйымдастыру және өткізу бойынша шығындарды жабуға жіберілген сомадан 10 проценттік шегерім кепілдік жарнасы қайтарылады. Кепілдікті қалған сомасы тендер жеңімпазы анықталғаны туралы хабарландыру жариялаған күннен 20 банктік күн ішінде қатысушыға қайтарылады.

17. Тендер жеңімпазы болған Қатысушыға кепілдік жарнасы қайтарылмайды.

7. Тендер өткізу тәртібі

18. Тендер комиссиясы қатысушыларды ұсынысын жеңімпазды анықтау өлшемдеріне байланысты қарайды. Тендер комиссиясының жобаларға тәуелсіз сараптама жүргізуге құқығы бар. Сараптама тобы салалық министрліктерді басшылығымен құрылады және өзінің құрамына Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің және басқа да мүдделі министрліктер мен ведомстволарды өкілдерін енгізеді. Қатысушылардың сараптамалық топтық өтініштерін қарау мерзімін 15 күнге шектейді.

19. Тендер комиссиясының шешімі оның мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстың тепе-теңдік жағдайында төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Дауыстардың теңдігі кезінде тендер комиссиясы келіссөзге қатысушыларды шақыруға және олардың келісімімен жеңімпазды анықтау үшін қосымша тендер өткізуге құқығы бар. Объектінің жұмысын жақсартуға бағытталған қосымша ұсыныстарды тендер комиссиясына ұсынған

Қатысушы жеңімпаз болып табылады.

20. Тендер комиссиясының»шешімі хаттамамен рәсімделеді, тендер комиссиясының»мүшелерінің, оның төрағасының»және сауда-саттықтың» жеңімпазы аталған тұлғаның»қолдары қойылады. Тендердің»қорытындысын жеңімпаз хабарлаған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде олардың қатысушылары жоққа шығаруы мүмкін.

21. Тендер қорытындысы жеңімпаз хабарланған күннен бастап 5 күнтізбелік күн ішінде бекітіледі. Тендер қорытындысы бекітілмеген, тендерге қатысуға өтініштің жоқтығы немесе жеңімпаздығы туралы тендер комиссиясының»шешімі қабылданбауы жағдайында Департаменттің»жаңадан тендер жариялауға құқығы бар, тиісті тендер комиссиясының тендердің ережесін өзгертуге нұсқау береді.

8. Келісім-шарттың жасалуы

22. Объектіні басқаруға арналған келісім-шартқа Департамент тендер қорытындыларын бекіткеннен кейін ең»кем дегенде 10 күннен кешіктірмей Тараптар қол қоюға тиіс. Департамент және тендер жеңімпазы арасындағы жасасқан келісім-шарт 3 қосымшаға сәйкес үлгі бойынша жасалады.

23. Тараптар қол қойған Объектіні басқаруға арналған құқық Департаменттің қабылдау-беру актісі келісім-шартты негізгі бөлігі болып табылады.

9. Келісім-шарт ережелері

24. Келісім-шарттың негізгі ережелері мыналар болып табылады: 1) өндірістің профилін, бірқалыпты деңгейде немесе одан әрі оны көбейтуге өнімдердің шығару көлемін сақтау;

2) Объектінің»мүліктік кешеніне жататын әлеуметтік салалар объектілерін қаржыландыру және ұстау;

3) жұмыс орнының бәрін немесе келісім-шартпен айқындалған санын сақтау;

4) Объектінің»қызметкерлеріне өндірістік зақымнан және өндірісте кездейсоқтық жағдайдан Объекті қызметкерлерінің өмірін сақтандыру және денсаулығын әлеуметтік кепілдікпен қамтамасыз ету;

5) Объектілердің мүлкін өрттен, жарылыстан, апаттан, табиғат зардаптарынан сақтандыру;

6) өнімдердің сапасын және оның»бәсекелестігін арттыру, өндіріс өнімділігін төмендету;

7) қабылдау-беру актілеріне қол қою сәтіндегі Объектінің барлық берешектерін жою (өтеу);

8) жер қойнауын, қоршаған ортаны және еңбекті қорғауға байланысты нормалар мен ережелерді сақтау;

9) қаржы қаражаттарын тарту жөніндегі міндеттемелер: айналымдағы қаражаттар негізінде тауар, инвестиция несиелері;

10) монополияға қарсы реттеуге жататын шығарылатын өнімдерге (тауарлар,

қызметтер) бағаның»қалыптылығы жөніндегі міндеттемелер;

11) өзара келісімді баға бойынша отандық тауар өндірушілер үшін ішкі рыноктың»сұраныстарын қанағаттандыру жөніндегі міндеттемелер;

12) аймақтарды және салаларды дамытудың мемлекеттік инвестициялық стратегиясына сәйкес орта және ұзақ мерзімді перспективаға арналған Объектілерге инвестициялық бағдарламаларды жүзеге асыру жөніндегі фирма басқарушысының»міндеттемелері мен құқықтары;

13) Объектіні қайта құру оның»қаржылық қалыптылығы нәтижесін қамтамасыз етудің толық бағдарламасын жасау жөніндегі фирма басқарушысының» ұсынысы;

14) Объектінің»күшін ұстау;

15) бағалар, орта рыноктық бағадан төмен емес бағалар бойынша Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге өнімдерді сату;

16) жіберілетін өнімдерге алдын ала төлеу кезінде жеңілдік проценттерінің» әлемдік стандартқа сәйкестігі жөніндегі міндеттемелері;

17) тау-кен жұмыстарын тау-кен кешендері Объектілерін дамытудың Бас схемасына сәйкес жүргізу;

18) запастарды аршу жұмыстарына дайындық және дайын нормативтерін сақтау, сондай-ақ аршуда толық және пайдалы компоненттерді қайта өңдеуді қамтамасыз ету;

19) материалдар, шикізаттар тұтынушылар мен ұлттық жеткізушілермен әсіресе дәстүрлі келісім-шарт қарым-қатынастарын нығайту.

25. Әрбір жеке жағдайда Объектінің ерекшелігіне байланысты талап ету өзгеруі және толықтырылуы мүмкін. Осы жағдайда тендер комиссиясы өндірістік секторды құрылымдық-салалық бағытына байланысты келісім-шартта сенімгерлік басқаруға:

1) жалпысалалық Объектілер;

2) ірі өнеркәсіп кешендері;

3) жекелеген Объектілер беріледі деп қарастырылады.

10. Келісім-шарт мерзімдері

26. Департамент пен Басқарушы арасындағы келісім-шарт оған қол қойылған сәтінен бастап күшіне енеді. Есептеу мерзімі Объектінің Басқарушысына Департаменттің берген күнінен бастап есептеледі.

27. Келісім-шарт өндірістік сектордың құрылымдық-салалық мәніне байланысты 10 жылға дейінгі мерзімге жасалады.

11. Ерекше ережелер

28. Келісім-шарт ережелерін атқару кезінде Басқарушыға Объектіні сатып алуға айрықша құқық берілуі мүмкін. Объектінің сатып алу мерзімдері басқаруға және құнының»мөлшерін Департамент белгілейді.

12. Тараптар жауапкершілігі

29. Келісім-шарт бойынша міндеттерді орындамау және/немесе тиісті атқарылмауы жағдайында Тараптарға Қазақстан Республикасының»белгіленген заңдарына байланысты жауапкершілік жүктеледі. Қазақстан Республикасы заңдарымен реттелмеген мәселелер және келісім-шарт ережелері бойынша Қазақстан Республикасы мақұлдаған халықаралық келісімдердің нормалары қолданылады.

30. Келісім-шарт талаптары мен ережелерін бұзудың тікелей және жасырын үлгісіндегі мәмілелер жарамсыз болып табылады, ал оларды жүзеге асырған кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының белгіленген заңдарымен жауап береді.

31. Жауапқа тартуда келтірілген зиянды өтеу міндетінен кінәлі тұлғалар босатылмайды.

32. Осы Қағиданың тармақтарында көзделмеген негіздер бойынша келісім-шартты мерзімінен бұрын бұзу жағдайында кінәлі тараптар басқа тараптан осындай бұзу материалдық зияндарды қосқанда барлық тікелей шығындарды өтеуді талап етуге құқығы бар.

13. Форс-мажор

33. Тараптар міндеттемелерді толық немесе ішінара орындамағандары, сондай-ақ жасалған келісім-шарт бойынша олардың орындалуын кешіктіргені үшін жауапкершіліктен босатылады, егер ол жеңе алмас күштердің» (форс-мажор) жағдайларының салдары болып табылса. Жеңе алмас күштердің» жағдайларына тараптар бақылауына кіретін кез келген оқиғалар, атап айтқанда: әскери шиеленістер, табиғат апаттары, табиғат зардаптары (су тасқыны, жер сілкіну және т.б.) жатқызылады.

34. Форс-мажор жағдайлары болған кезде одан зардап шеккен тарап тез арада қағаз жүзінде оқиғаның»басталған күнін көрсете отырып басқа тарапты бұл туралы хабардар етеді және форс-мажор жағдайларының дәлелдемесін тапсыруға міндетті.

35. Жасалған келісім-шарт бойынша міндеттеменің атқарылу мерзімі белгісіз уақытқа, яғни форс-мажор жағдайлары туындаған кезде ұзартылады.

14. Келісім-шарт ережелерінің орындалуына бақылау

36. Келісім-шарт ережелерінің орындалуына бақылауды Департамент және салалық министрлік жүзеге асырады. Осы мақсатта Департамент тиісті министрліктер мен ведомстволардың»өкілдерінен жұмысшы тобын құрады. Жұмысшы тобы өзінің»жұмысын фирма басқарушысының міндеттемесін ескере отырып, жасалынған келісім-шартқа сәйкес ұйымдастырады. Фирма басқарушысы жұмысшы тобының қарауына белгіленген мерзімде және бекітілген үлгі бойынша құжаттарды (есептер) тапсырады.

1. Акциялардың мемлекеттік пакеттерін басқаруға құқық берілетін акционерлік қоғам туралы жарияланған ақпарат хабарламасын зерттеп, оның сенімгерлік басқару және беру ережелерімен таныса отырып,

(хабарлама жарияланған басылымның атауы, N-і, күні)

(объектінің толық атауы)
мен (төмендегі келісім-шартқа қол қоюға өкілетті біздер)

ұсынылған ережелерге арналған объектілерді сенімгерлік басқаруға және осы өтінішке ұсынылған өзімнің ұсыныстарыма сәйкес келісім-шарт жасауға келістім

2. Егер менің (біздің) ұсыныстарымыз қабылданған жағдайда өзіме тендер қорытындылары хабарлаған сәттен бастап, кемінде 10 күн мерзімде келісім-шарт жасауға міндеттеме аламын (аламыз).

3. Келісім-шартқа қол қойылғанға дейін менің (біздің) ұсыныстарымыздың қабылданғаны туралы сіздердің жазбаша хабарламаларыңызбен бірге осы өтініш біздің арамыздағы күші бар шарт деп е с е п т е л і н е д і .

4. Тендердің шешімі мен қорытындысын мына мекен-жайға:

салып жіберуді өтінемін (өтінеміз).

Осы өтінішке қоса мынадай құжаттар ұсынылады: _____

(Қағиданың "Қатысушыларға қойылатын талаптар" бөлімінің 2-тармағына с ә й к е с)

(з а н д ы т ұ л ғ а н ы ң а т а у ы)

(уәкілетті тұлғаның қызметі, аты-жөні)

Қолы _____ Қабылданды: " ____ " _____ 199__ ж.
" ____ " _____ 199__ ж. Қолы _____

(құжатты қабылдауға уәкілетті,
тендер комиссиясының мүшесі)

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Қ а р ж ы м и н и с т р л і г і н і ң
М е м л е к е т т і к м ү л і к ж ә н е

жекешелендіру департаментінің
қаулысына 2 - қосымша
22 қазан 1998 ж. N 618

Тендер комиссиясының төрағасы

**Тендерге қатысуға рұқсат жіберуге
тендер комиссиясының хабарламасы**

(тендерге қатысушының толық атауы және мекен-жайы)
Сенімгерлік басқаруға келісім-шарт жасау құқығына тендер _____

(объектінің толық атауы және мекен-жайы)

тендер мына мекен-жай бойынша 199__ж. "___"_____ сағат
_____ өткізіледі.

Тендер комиссиясының төрағасы

(а т ы - ж ө н і , қ о л ы)
"___"_____ 199__ж.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Мемлекеттік мүлік және
жекешелендіру департаментінің
қаулысына 3 - қосымша
22 қазан 1998 ж. N 618

Тендер комиссиясының төрағасы

" _____ " мемлекеттік кәсіпорынды (акционерлік қоғам акцияларының мемлекеттік пакетін) кейіннен сатып алу құқығымен (құқығынсыз) сенімгерлік басқаруға беру жөнінде
Келісім-шарт

Астана қ. " ____ " _____ 199__ жыл.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Жекешелендіру туралы" Заң күші бар 1995 жылғы 23 желтоқсандағы Жарлығына сәйкес, "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 199__ жылғы " ____ " _____ N _____ қаулысымен бекітілген Ереженің негізінде әрекет ететін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті, департамент директоры _____ арқылы (бұдан әрі - "Меншіктенуші") - бірінші Тараптан және _____ Жарғысының негізінде әрекет ететін, _____ арқылы (бұдан әрі - "Басқарушы") - екінші тараптан, осы Келісім-шартқа қол қойды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің уәкілетті өкілінің функциясын жүзеге асыра отырып, меншіктенуші _____ мемлекеттік кәсіпорынды (бұдан әрі - "Ұйым")(акционерлік қоғам акцияларының мемлекеттік пакетін) кейіннен сатып алу құқығымен (құқығынсыз) сенімгерлік басқаруға береді. Ұйым акцияларының мемлекеттік пакетін Жарғылық капиталдың ____% мөлшерінде кейіннен сатып алу құқығымен (құқығынсыз) сенімгерлік басқаруға беруге арналған, 199__ жылғы " ____ " _____ аяқталған ашық тендердің нәтижесінде Басқарушы жеңімпаз болып табылады. Тендердің хаттамасы осы келісім-шартқа қосымша беріліп отыр.

Сенімгерлік басқару деп Тараптар Басқарушы өз шотының, сондай-ақ заемдық немесе басқа жолмен жинақталған, оның ішінде осы Келісім-шарттың қағидалары бойынша қайта инвестицияланған және енгізілген қаржылардың есебінен Басқарушы айқындайтын және жүзеге асыратын, Ұйымдарды қаржылық-экономикалық сауықтыруға, дамытуға, қайтадан құруға, технико-технологиялық тұрғыдан қайтадан жабдықтауға; Ұйымның тұрақты ағымдағы өндірістік қызметін қамтамасыз ететін келешекті ұйымдық-техникалық және әлеуметтік-экономикалық бағдарламалар кешенін іске асыру үшін қолайлы қаржылық ахуал жасауға арналған іс-әрекеттер мен шаралардың кешенін Басқарушының жүзеге асыруы мақсатында акциялардың мемлекеттік пакетін пайдалануға тапсырып беру деп түсінеді.

Осы Келісім-шарттың Тараптары мына төмендегілер туралы уағдаласты:

1. Жалпы ережелер.

1.1 Ұйым _____ қ. Әділет басқармасында 199__ ж. " ____ " _____, N-мен тіркелген. Ұйым Жарғысының көшірмесі, мемлекеттік тіркеу туралы

куәлік осы Келісім-шартқа қоса беріліп отыр.

1.2 Меншіктенуші Ұйымға кепілдік рұқсаты берілмегенін, оның сатуға шығарылмағанын және үшінші тұлғалардың өзгеше құқықтармен байланысты емес екенін растайды.

1.3. Басқарушының функциясын осы Келісім-шартқа сәйкес " _____ " заңды тұлға жүзеге асырады.

1.4 Меншіктенуші Ұйымның шаруашылық іс-әрекетіндегі мемлекеттік қатысушы өкілінің құқықтары мен міндеттерін тапсырып береді, ал Басқарушы қабылдап алады. Бұл ретте, осы Келісім-шартта сөз болған жағдайлардан басқасында, Ұйымды меншіктену құқығы өзгермейді.

1.5 Мемлекеттік қатысушыға осы Келісім-шарттың ережелері және Басқарушының Бизнес-жоспары негізінде Ұйымды сенімгерлік басқаруға беруге байланысты мемлекеттік қатысушының өкілеттіктері Басқарушыға беріледі.

Басқарушыға басқару құқықтарын беру Қазақстан Республикасының заңдарында қарастырылған тәртіппен және ережелермен кейіннен сатып алу құқығымен (құқығынсыз) Ұйымды оған сенімгерлік басқаруға беру жолымен жүзеге асырылады.

Басқарушының Ұйымды сенімгерлік басқаруды жүзеге асыруына арналған құқығын растайтын негіз осы Келісім-шарт және Меншіктенушінің сенімхаты болып табылады.

2. Тараптардың құқықтары

2.1 Меншіктенушінің мынадай құқықтары бар:

- 1) Басқарушымен тікелей келіссөздерде Қазақстан Республикасын білдіру;
- 2) Осы Келісім-шартқа Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан қол қою;
- 3) Әрбір толық қаржылық жыл аяқталған соң Ұйымның құжаттарын жоспарлы түрде тексеріп отыру;
- 4) Осы Келісім-шарт және оны дамыту барысында жасалған барлық қосымша келісімдер бойынша міндеттемелердің орындалуын бақылау;

2.2. Басқарушының мынадай құқықтары бар:

- 1) Осы келісім-шартта айтылған ережелер бойынша Ұйымды пайдалану;
- 2) Қазақстан Республикасының заңдары мен осы келісім-шартта берілген құқықтар шеңберінде кез келген заңды әрекеттерді қолдану;
- 3) Заңдар талаптарына жауап бере алмайтын немесе Ұйымның іс-әрекетінің мазмұнына қайшы келетін, бұрын жасалған шарттарды, келісімдерді және келісім-шарттарды тексеріс, қайта қарау немесе бұзу шараларын жүргізу. Бұл ретте келісімді қатынастарды тексеруді, ұзартуды және бұзуды Басқарушының өзі жүргізеді;
- 4) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Ұйымның қаржы-шаруашылық әрекетін жүзеге асыру;

5) Осы Келісім-шарттың әрекет ету мерзімі ішінде оның барлық ережелері орындалған жағдайда, заңдарда қарастырылған тәртіп пен ережелер бойынша және меншіктенушінің келісімімен Ұйымды мерзімінен бұрын сатып алуды жүргізу (кейіннен сатып алу құқығы қарастырылған жағдайда).

3. Тараптардың міндеттемелері

3.1. Меншіктенушінің міндеттері:

1) Ұйымды сенімгерлік басқаруға, яғни Басқарушының пайдалануына кейіннен сатып алу құқығымен беру;

2) Президент немесе Қазақстан Республикасының Үкіметі Ұйымды сату туралы шешім қабылдаған жағдайларды қоспағанда, Басқарушы үшін осы Келісім-шарттың әрекет ету мерзімі ішінде аталған келісім-шарт бойынша оған берілген Ұйымды толық көлемінде сақтау.

3) Басқарушыға осы Келісім-шарттың бүкіл әрекет ету мерзімі ішінде жоғарыда аталған барлық құқықтарды, сондай-ақ оған Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес берілген құқықтарды сақтауға кепілдік беру.

3.2. Басқарушының міндеттері:

1) Ұйымның өндірістік сипатын сақтау;

2) Кемінде 3 жылдық мерзімге арналған Ұйымның индикативтік жоспарын әзірлеу және меншіктенушімен, салалық министрлікпен және басқа да мүдделі министрліктермен және ведомстволармен келісу;

3) Жұмыстарды жүргізген кезде озық технологияларды қолдану және жұмысқа білікті мамандарды тарту, ішкі рыноктың қызметтермен және тауарлармен толықтырылуын қамтамасыз ету;

4) өнімнің сапасын және оның бәсекелестік қабілетін арттыру, өндіріс шығындарын азайту үшін қажетті әрекеттер жасау;

5) Осы Келісім-шартқа қосымша Бизнес-жобаға сәйкес сауда, техникалық және әлеуметтік бағдарламалардың кешенін іске асыру;

6) әрбір тоқсан біткенде Меншіктенушіге қаржы-шаруашылық және сауда-өндірістік іс-әрекеттер бойынша осы Келісім-шарттың ережелерінің орындалу барысы туралы Меншіктенушіге ұдайы ақпарат беріп тұру, Ұйымның сауда-өндірістік іс-әрекеті жүзеге асырылуына байланысты барлық шығыстар мен шығындардың толық әрі нақты бухгалтерлік есебін жүргізу;

7) Әр жылдың тамыз айында келер жылға арналған Ұйымды дамытудың болжамды көрсеткіштерін Меншіктенушіге келісу үшін тапсыру.

8) Меншіктенушінің, сондай-ақ қаржы және салық органдарының бірінші талап етуі бойынша Ұйым қаражаттарының қалыптасуы мен шығыстарына қатысты барлық есепті беру;

9) Келісім-шарттың бүкіл әрекет ету мерзімі ішінде жұмыс орындарының

мүмкіндігінше ең көп мөлшерін сақтау, жұмыс орындарының санын қысқартуды жүргізуден екі ай бұрын мемлекеттік жұмыспен қамту қызметін хабардар ету. Әлеуметтік кепілдікті, ұйым қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығын өндірістік жарақаттардан және өндірістегі оқыс жағдайлардан сақтандыруды қамтамасыз е т у ;

10) Келісім-шарттың бүкіл әрекет ету мерзімі ішінде Ұйымның көрсететін қызметтері мен тауар айналысының көлемін оны басқаруға беру сәтіне дейінгі Ұйымның статистикалық және бухгалтерлік есептемесінде көрсетілген деректерден кем емес мөлшерде сақтау;

11) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес салықтық және бюджетке төленетін өзге де міндетті аударымдарды уақытында жүргізу;

12) Ұйымның айналыстағы қаражаттарының Бизнес-жоспарда белгіленген - мөлшердегі, қажетті деңгейге дейін толықтырылуын қамтамасыз ету;

13) Келісім-шарттың әрекет ету кезінде ұйымның инвестициялық бағдарламаларын осы келісім-шартқа қоса беріліп отырған Бизнес-жоспарға сәйкес қаржыландыруды қамтамасыз ету;

14) Ұйым сенімгерлік басқаруға берілген сәтте болған Ұйымның барлық деңгейдегі бюджеттер алдындағы несиелік, оның ішінде жалақы жөніндегі қарыздарын осы Келісім-шартқа қол қойылған күннен бастап 90 (тоқсан) күнтізбелік күн ішінде, өзге несиелік қарыздарды - Меншіктенушімен келісілген және осы Келісім-шарттың ажыратылмас бөлігі болып табылатын қарыздарды өтеу кестесіне сәйкес жабу;

15) Ұйымның мерзімі өткен дебиторлық берешегінің сомасын қайтару жөнінде қажетті әрекеттер жасау;

16) Басқарушының оперативтік шаруашылық іс-әрекетіне байланысты активтердің өзгеруін ескере отырып, Ұйым мүліктерінің сақталуын қамтамасыз е т у ;

17) Заңдарда қарастырылған тәртіппен, салық органдары статистикалық және қаржылық есептемелерді қабылдап және бекіткеннен кейін, сенімгерлік басқаруға берілген акциялардың мемлекеттік пакетінің дивидендтерін міндетті түрде және тоқсан сайын акционерлердің; жиналысы арқылы есептеп шығаруды және олардың бюджетке аударылуын қамтамасыз ету;

18) Ұйымның мүліктік кешеніне енетін әлеуметтік сала объектілерін қаржыландыру және ұстау;

19) Ұйымның мүліктерін өрттен, жарылыстан, авариядан, табиғи апаттан сақтандырылуын қамтамасыз ету;

20) жер қойнауын, қоршаған ортаны қорғауға және еңбекті қорғауға қатысты нормалар мен қағидалардың сақталуын қамтамасыз ету;

21) шығарылатын өнімдер (тауарлар, қызмет көрсетулер) жөніндегі

бағалардың монополияға қарсы реттеуге сәйкес белгіленуін қамтамасыз ету;

22) Ұйымның жұмылдыру қуаттарын қолдауды қамтамасыз ету;

23) Өнімдердің Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде орташа нарықтық бағаның деңгейінен төмен емес бағалар бойынша сатылуын қ а м т а м а с ы з е т у ;

24) жөнелтілетін өнім үшін алдын ала ақы төленген жағдайда әлемдік стандарттарға сәйкес шегерім проценттерін қамтамасыз ету;

25) Басқарушының осы Келісім-шарт бойынша өз міндеттерін жүзеге асыру кезеңінде оның кінәсінен Ұйымның тікелей зияндары пайда болған жағдайда, о л а р д ы ө з е с е б і н е н ж а б у ;

26) Басқарушыға қарасты активтердің, акциялар пакетінің 20%-тен асатын құнын кепілдікке беруді Меншіктенушімен келісу;

27) Басқару кезеңінде Меншіктенушінің алдын ала жазбаша рұқсатынсыз - Ұйымның объектілерін, оның акцияларын, оның ішінде басқа акционерлік қоғамға, не заңды тұлғаға салым ретінде шеттету;

28) Келісім-шарт күшіне енген күннен бастап 2 (екі) ай ішінде Меншіктенушінің Басқарушыға Ұйымды берген күніндегі баланстың активтері мен пассивтерін түгендеуді қамтамасыз ету;

29) осы Келісім-шарт жасалғаннан кейін Ұйымның қаржы-шаруашылық жағдайына баға беру үшін тәуелсіз аудитор тағайындау. Аудиторлық тексерудің қорытындылары салыстыру үшін Меншіктенушінің қарауына тапсырылады және осы Келісім-шартқа қосымша ережелерді келісу және/немесе оның ережелерін өзгерту үшін негіз бола алады.

4. Ұйымды сату

4.1 Ұйымды сату туралы шешімді Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен Меншіктенуші қабылдайды.

5. Тараптардың жауапкершілігі

5.1. Осы Келісім-шарттың ережелері орындалмаған немесе лайықты орындалмаған жағдайда тараптар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мүліктік жауапкершілік көтереді.

5.2. Қазақстан Республикасының заңдарымен және осы Келісім-шарттың ережелерімен реттелмеген мәселелер бойынша, Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық келісімдердің нормалары басшылыққа алады.

5.3. Осы Келісім-шарттың талаптары мен ережелерін тікелей немесе заңдарды жасырын түрде бұзатын сауда-саттықтар жарамсыз болып табылады, ал олардың жасалуына кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасы заңдарында белгіленген тәртіптік, материалдық және қылмыстық жауапкершілікке тартылады, мұның өзі оларды келтірілген зиянның орнын толтыру міндетінен б о с а т п а й д ы .

5.4. Осы келісім-шартта белгіленген жағдайларды қоспағанда, Басқарушы осы Келісім-шарт бойынша құқығын қолына алғанға дейін, ұйымның бухгалтерлік, қаржы-шаруашылық, сауда-өндірістік және өзге де іс-әрекетінің нәтижелері үшін Басқарушы жауап бермейді.

5.5. Осы Келісім-шарт жасалғанға және басқарушының акцияларды пайдалану мен басқару құқығына ие болғанына дейін Ұйымның атынан жасалған немесе жүргізілген барлық жазбаша өтініштер, мәмілелер, келісімдер мен өзге де құжаттар тек оларды Басқарушы мақұлдаған жағдайда ғана жарамды болып табылады.

6. Форс-мажор

6.1. Тараптар жауапкершіліктерінің толық және ішінара орындалмағаны үшін, сондай-ақ олардың осы Келісім-шарт бойынша орындалуын тежегені үшін, егер олар тежеусіз күш жағдайларының (форс-мажор) салдарынан болса, жауапкершіліктен босатылады.

6.2. Тежеусіз күш жағдаяттарына осы Келісім-шарттың бақылау шегінен немесе осы келісім тараптарының бақылауынан немесе ықпалынан шығып кететін және тараптардың жағдайын нашарлататын кез келген оқиғалар, сонымен бірге: әскери жанжалдар, табиғат апаттары, кездейсоқ оқиғалар (су тасқыны, жер сілкінісі және с.с.) жатады.

6.3. Тежеусіз күш жағдаяттары пайда болған жағдайда олардан зардап шеккен тарап бұл туралы басқа тарапқа оқиғаның басталған уақытын және форс-мажорлық жағдайларды сипаттай отырып, тез арада жазбаша түрде хабарлайды. Тараптар күш-жігерлерін біріктіріп бұл жағдаяттарды барынша басу үшін мүмкін болған барлық шараларды қолданады.

6.4. Осы Келісім-шарт бойынша міндеттемелерді орындаудың мерзімі форс-мажорлық жағдайлар болған уақытқа тең кезеңге кейін ұзартылады.

6.5. Егер аталған жағдаяттар 6 айдан аса жалғасатын болса, тараптың әрқайсысы келісімдегі міндеттемелерінің одан әрі орындалуынан бас тартуға құқықты және бұл жағдайда тараптардың бір де бірінің басқа тараптан шығындарды қайтарып алуға, айыппұл шараларын қолдануға құқығы болмайды.

7. Құпиялылық

7.1. Тараптар Қазақстан Республикасының құпиялылықты сақтауға қатысты заңдарына сәйкес, барлық құжаттар, ақпараттар, есептер бойынша құпиялылықты сақтаудың мерзімдері мен шектерін белгілейді.

7.2. Тараптардың бір де бірі басқа тараптың жазбаша келісімін алмайынша, құпиялылықтың әрекет ету мерзімі ішінде, Қазақстан Республикасының заң актілерімен белгіленген жағдайларды қоспағанда, әлдеқандай үшінші тарапқа осы Келісім-шарттың мазмұнын немесе құпия деп саналатын өзге ақпаратты ашуға құқығы жоқ.

7.3. Осы келісім-шарттың тараптары басқа тараптың келісімінсіз бірінен бірі алған, келісім-шартты іске асыруға байланысты ақпаратты үшінші тұлғаға бермеуге міндеттенеді. Бұл ереже Басқарушы басқа көздерден алған баршаға ортақ ақпаратты, сондай-ақ заң бойынша халыққа жариялануға немесе құзыретті органдар мен ұйымдарға берілуге тиісті ақпаратты қозғамайды. Жоғарыда айтылған міндеттемелер осы келісім-шарт әрекетін тоқтатқан күннен бастап үш жыл бойында күшін сақтайды және сондай-ақ Тараптардың қызметкерлері мен консультанттарына қолданылады.

8. Дауларды шешу

8.1. Осы Келісім-шартта реттелмеген барлық мәселелер бойынша тараптар Қазақстан Республикасы заңдарының нормаларын және Қазақстан Республикасының аумағында құқықтық мәртебесі бар, Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық келісімдердің нормаларын басшылыққа алады.

8.2. Келісім-шарт бойынша Ұйымның акцияларының мемлекеттік пакетін басқару құқығын беру кезінде пайда болған даулар тараптардың өзара келісім бойынша қаралады. Заңда белгіленген мерзім ішінде тараптардың оларды шешуі мүмкін болмаған жағдайда, соттың Алқасына шешуге беріледі.

9. Келісім-шарттың әрекет ету мерзімі

9.1. Осы Келісім-шарттың әрекет ету мерзімі ____ жыл.

9.2. Келісім-шарт оған қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді және 200_ жылдың " __ " _____ ында аяқталады.

9.3. Келісім-шарт, егер тараптар қажет деп тапса және өзара келіссе, кез келген мерзімге жазбаша түрде ұзартылуы мүмкін.

9.4. Осы Келісім-шарттың әрекеті тоқтатылған соң ол бойынша іс жүзіндегі қатынастар тараптар барлық мүліктік міндеттемелерін реттегеннен кейін тоқтатылады, бұл туралы олар тиісті актіге қол қояды.

10. Келісім-шарт әрекетінің тоқтатылу шарттары

10.1. Осы Келісім-шарт төмендегі себептердің бірі бойынша өз әрекетін тоқтатады :

1) егер тараптардың келісім бойынша оның әрекеті ұзартылмаған жағдайда, оның әрекет ету мерзімі біткенде;

2) тараптардың бірі, тежеусіз күш (форс-мажор) жағдаятына байланысты жағдайлардан басқа, Келісім-шарт ережелерін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес лайықты орындамаса немесе елеулі түрде бұзса;

3) Басқарушы инвестициялық бағдарламаны орындамаған немесе бұзған жағдайда ;

4) Басқарушы Қазақстан Республикасының экономикасына зиян келтіретін саясат жүргізген жағдайда ;

5) тараптардың бірі басқа тараптың келісімінсіз үшінші тарапқа өз мүддесінің

кез келген бөлігін өткізіп берсе;
б) соттың тиісті шешімі негізінде.

10.2. Басқарушы өз міндеттемелерін орындамаған және/немесе лайықты орындамаған жағдайда Меншіктенуші анықталған кемшіліктерді белгілі бір, бірақ 20 күнтізбелік күннен кем емес мерзімде түзету қажеттігі туралы Басқарушыға жазбаша ескертеді. Кемшіліктер түзетілмеген жағдайда Басқарушының атына Келісім-шарттың алдағы уақытта бұзылатыны туралы хабарлама жіберіледі. Мұндай жағдайда Меншіктенушінің Келісім-шартты біржақты түрде бұзуға құқығы бар.

10.3. Осы Келісім-шарттың 10.2. тармағында қарастырылмаған негіздер бойынша Келісім-шарт мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда, кінәсіз тарап, барлық тікелей шығындарды, келісім-шарттың осы бұзылуынан болған материалдық зияндарды қоса, өтеуді басқа тараптан талап етуге құқықты.

10.4. Тараптардың осы Келісім-шарт бойынша қатынастары олардың барлық мүліктік наразылықтары реттелген соң тоқтатылады, бұл туралы олар (тараптар) Акт жасайды, оған қол қойылған сәттен бастап осы Келісім-шарт әрекетін тоқтатады.

10.5. Тараптардың өзара келісе отырып осы келісім-шартты бұзуға құқықтары бар.

11. Ерекше ережелер

11.1. Меншіктенуші мен Басқарушының, өзара келісе отырып, қолданылып жүрген тәртіпке сәйкес осы Келісім-шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізуге, сондай-ақ осы Келісім-шартты іске асыруға байланысты қажетті қосымша келісімдер жасасуға құқықтары бар.

11.2. Осы Келісім-шартқа енетін барлық қосымшалар мен толықтыруларға тараптардың өкілетті өкілдері қол қоюға тиіс. Бұл ретте, осы Келісім-шарт пен оның қосымшалары мәтіндерінің мағынасы мен құрамында алшақтықтар болған жағдайда, неғұрлым соңғы уақытта жасалған құжаттар заң күшіне ие болады.

11.3. Осы Келісім-шартқа енгізілген кез келген өзгерістер мен толықтырулар жазбаша түрде жасалған және құқығы бар лауазымды тұлғалар қайтадан қол қойған кезде ғана жарамды.

11.4. Келісім-шарт үш данада жасалды, оның екеуі орыс және біреуі мемлекеттік тілде, әрқайсысының заңды күштері бірдей, олардың екеуі - Меншіктенушіде, біреуі Басқарушыда сақталады.

11.5. Осы Келісім-шартқа қосымша берілген құжаттар оның әрекет етуінің бүкіл кезеңінде сақталады.

12. Тараптардың заңды мекен-жайлары

12.1. Меншіктенуші - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті, 473024, Астана қ., М.

